

- * **Лифт-реакторлы реактор.** Ысыған шикізат арнайы реакторда диспергацияланып, шығып жатқан катализатор потоғымен арнайы реакторда араласады. Одан кейін катализатор мен крекинг өнімінің қоспасы қайнаған қабаты бар сепараторда бөлініп, өнім қалдықтары десорберда бумен десорбцияланады. Шикізат пен катализатор бірнеше секунд қана әрекеттеседі. Типтік установка – Г-43-107.
- * **Миллисеконд реакторы.** Процесс ерекшелігі – лифт-реактордың жоқ болуы. Катализатор реакторға үздіксіз потокпен беріледі, катализаторға, оның қозғалысына перпендикуляр шикізат булары шашыратылады. Реакция уақыты бірнеше миллисекундтан аспайды. Осы арқылы бензин фракциясының шығымы 60-65%-ке жуық.

Қазіргі кезде көбінесе лифт-реакторлы реакторлар қолданылады. Бензин шығымы 50-55%-ке ал октан санды 91-92,5-ке тең.